



**MATERIÁLY**

**X MEZINÁRODNÍ VĚDECKO-PRAKTICKÁ KONFERENCE**



**VĚDA A VZNIK - 2013/2014**

**27.12.2013 - 05.01.2014**

**Díl 23**

**Filologické vědy**



Praha  
Publishing House  
«Education and Science» s.r.o.



Vydáno Publishing House «Education and Science»,  
Frýdlanská 15/1314, Praha 8  
Spolu s DSP SHID, Berdianskaja 61 Б, Dnepropetrovsk

**Materiály X mezinárodní vědecko - praktická konference  
«Věda a vznik – 2013/2014».** - Díl 23. Filologické vědy.: Praha.  
Publishing House «Education and Science» s.r.o - 104 stran

**Šéfredaktor:** Prof. JUDr. Zdeněk Černák

**Náměstek hlavního redaktor:** Mgr. Alena Pelicánová

**Zodpovědný za vydání:** Mgr. Jana Štefko

**Manažer:** Mgr. Helena Žáková

**Technický pracovník:** Bc. Kateřina Zahradníčková

X sběrné nádobě obsahují materiály mezinárodní vědecko - praktická konference «Věda a vznik» (27 prosinců 2013 - 05 ledna 2014 roku) po sekcích Filologické vědy.

Pro studentů, aspirantů a vědeckých pracovníků

Cena 270 Kč

ISBN 978-966-8736-05-6

© Kolektiv autorů, 2013/2014

© Publishing house «Education and Science» s.r.o.

## PROBLÉMU VÝZKUMY JAZYKU

<b>Gorkovenko S.V., Mustafina K.E.</b> Charlotte Bronte- the expert of female character sketch on the example of the novel «Jane Eyre.» .....	65
<b>Шумченко Т.І.</b> Культурологічний підхід у сучасному мовознавстві .....	68
<b>Кузубова К.</b> Прагматичний аспект вживання безособового звороту буття у сучасному французькому науково-популярному дискурсі .....	70
<b>Горліснко Н.М.</b> Типологія неологізмів сучасної німецької мови .....	73
<b>Сарманова Ф.Т.</b> Қазақ тіліндегі жарнамалардың аударма барысындағы қолданысы .....	75
<b>Миронова Л.А.</b> Соматичні одиниці української та іспанської мов в репрезентації трудової діяльності людини .....	78
<b>Kungurova O.G., Kudritskaya M.I.</b> Phenomenon of journalistic investigation in theoretical judgment .....	81
<b>Антонова М.Ю.</b> Перечисление в англоязычном экономическом дискурсе: морфологический аспект .....	83
<b>Абильбекова Б.Т.</b> Қазақ тілі лексикасындағы тыйым сөздер .....	87
<b>Абильбекова Б.Т.</b> Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын орыс тілімен салыстыра отырып оқыту .....	90
<b>Магулова Б.Б.</b> Основные проблемы слога .....	93

Абильбекова Б.Т.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ТЫЙЫМ СӨЗДЕР

Ұрпақ санасында ұлттық қасиетерді қалыптастыру тіл мен дін, салт пен сана, ұлттық дәстүр арқылы жүзеге асады. Халқымыз ғасырлар бойы даланың қатал табиғатымен бетпе-бет келгенде, шапқыншы жаумен шайқасқанда, бейбіт өмірдің мамыражай тірлігінде жинақталған бай тәжірибесінен көрген – түйген қорытындысы ретіндегі ырым-тыйым сөздердің ұрпақ тәрбиесінде қазір де мәні жойылған жоқ. Ізгілікті аңсаудан туған ырымдар, бәле-жала кесепаттан сақтандыратын тыйымдардың тәрбиелік мәні өте зор. Ырымдар мен тыйымдар халқымыздың әлеуметтік өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде жас буын тарапынан бұлжымай орындалып отырған. Тыйым сөздерді заң ретінде қабылдаған. Егер осы мәселеге тереңірек көз салсақ, ырымдар мен тыйымдар құқықтық норма деңгейінде қолданылғанын аңғарамыз. Әлеуметтік өмірдегі түрліше қарым-қатынаста адамдардың әрекеті үстінде көрсететін мінез-құлқын анықтайтын, жалпыға міндетті ережелердің жиынтығы ретінде танылады. Міне, осындай деңгейде ырым-тыйым сөздерді халқымыз пайдаланып, баршаға бірдей, міндетті түрде орындатқан. Мұның өзі қоғамдағы үлгі-өнеге, әдептіліктің негізгі қағидасы болып қалыптасқан. Сондықтан қазіргі біздің ортамызда олқы соғып отырған имандылықтың, сұйылып бара жатқан адамгершіліктің негізі болып саналатын тыйым сөздер кесел мен кесепат атаулыдан, жүгенсіздік, тәртіпсіздік атаулыдан сақтандырушы қалқан, инабаттылық пен ізгіліктің қайнары еді.

Тыйым сөздер жағымсыз, келеңсіз әрекетті токтатуға арналған. Жат пиғылдан, орынсыз қылықтан, теріс мінезден сақтандыруға бағытала қолданылған. Адамдардың бойындағы адамгершілік, имандылық қасиеттерінің өлшеміндей деңгейде пайданылған. Бұл тыйым сөздердің мән-мағынасының каншалықты екенін аңғартса керек.

Мысалы, *күлді баспа, ақты төкпе, көкті жұлма, ұяны бұзба* – бұл сөздер жоғарыда айтқан ойымыздың толық дәлелі болады. Тыйым сөздер балалардың есі кірген кезден-ақ қолданылғандықтан, ойы айқын, жас ерекшелігіне сай түсінікті, нақты тұжырымдарды білдіреді. Балаларды ертеден-ақ жаман әдет, жат қылықтан сақтандырады. Есі жаңа кірген кезден басталып ержеткенге дейін құлағында жүрін, жүрегінен орын алатыны сөзсіз. Мұндай өнегелі, мейірімді сезімге, адами құндылыққа үйрететін бұл сөздердің естілуі қаталдау болғанымен, жас баланың жанына төгер шуағы мол, нұрлы. Қысқа да нұсқа, айтылу екпіні де ерекше тіркестер шоғыры жас адамды сол айтылғанды орындауға еріксіз мойын ұсындырғандай. Өйткені ойлы, мағынасы терең бұл сөздер баланың өмірлік есте сақтауына да жеңіл. Бұл талдап, талқылауды қажет етпейтін, сөзсіз орындалуға

тиісті өмірлік міндеттей мәнді тұжырымдар. Оны үлкендердің ұрпағына сөзсіз орындатуы халықтың бала тәрбиесіндегі ұстанымы болған. Атаның тілін бала қайтару, айтқанын орындамау адамшылық жолдан таюмен тең саналған. Мұны көргенсіздік, шектен шыққандық деп білген. Сондықтан, әр жас ата салтынан аспай, айтқаны қалтқысыз орындалған. Міне, қазақи тәрбиенің күдіретті ерекшелігі осы жерден көрінеді. Ата салтын тәрбие үдерісінде басшылыққа алудың мәні де осыдан көрінеді. Осы дәстүр қайта қолға алынса, ата-ананы тыңдамайтын бала, тыңдата алмайтын ата-ана болмас еді.

Біздіңше, адам қоғамының барлық түрінде де тыйым сөздер қажет. Тіршілік болған соң күнгеіі мен көлеңкесінсіз болмайды. Сол кереғарлықты реттеп отыру үшін нанымдық, сенімдік, моральдық-этникалық, құқықтық нормалар сияқты тыйым сөздер де әлеуметтік органы реттеп отырады. Қоғам мүшелерін игі мақсаттарға бағыттап, адамдар арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Тыйым сөздердің мағнасына үңілсек, тәрбиенің әр саласын аңғаруға болады. Оларды шартты түрде былай бөлуге болады: біріншіден, адамның түрлі қарым-қатынасына байланысты пайда болған; екіншіден, табиғаттағы тылсым күштердің киесі ұру, аруақтың қаһарынан, пәле-жаладан қорғануға арналған. Біздің былай бөлуіміз қолданылу үстіндегі мазмұнын жіктеуден туған. Адамдардың өзара қарым-қатынасына байланысты туған тыйым сөздерде үлкен-кішінің арасындағы, әке мен балаға қатысты, ағайын арасындағы, адамның жеке басына байланысты тыйым сөздердің үлгілері бар. Олар: *нанды баспау, дастарханды аттамау, табалдырықты баспау, үлкенге дауыс көтермеу, ата-ананың назарына қалмау, ағайынға пышақ, қайрақ, балта, ит сыйламау, әйелдің мінетін атының құйрық-жсалын күземеу, некелілердің төсегіне отырмау, таңын ашып жүрмеу, кіндігін көрсетпеу, неке қиылғаныша тазалық сақтау, т.б.* Енді екінші топқа жататындар: *отқа түкірме, үйді айналма, ауылға қарай шаппа, айды қолмен көрсетпе, айға, молаға қарап зәр сындырма, жағыңды, бүйіріңді таянба, т.б.* Бұл сөздер пәле-жаладан аулақ болу, табиғаттағы тылсым күштің күдіретінен, аруақ пен тәңірдің киесінен сақтандыруға арналған нанымнан туғанын байқауға болады. Қапдай топқа жататын сөз болса да, адами қасиеттерді қалыптастыруда қоршаған орта, жан-жануар мен табиғаты қорғау, имандылық, адамгершілік негізінде ұлттық мінез-құлық қалыптастыратыны даусыз.

Тыйым сөздердің мазмұнынан тәрбиенің бірнеше түрін көруге болады. Атап айтсақ: **адамгершілік, әдептілік, имандылық, экологиялық, гигиеналық** және тағы басқа түрлерге бөлуге болады.

**Адамгершілік** адам болмысы үшін басты көрсеткіш екені белгілі. Мұндай адами сезімдерді қалыптастыратын сөздердің қатары көп. Оларда адамды сыйлау, қайырымды болу, өтірік айтпау, еңбекті бағалау, т.б. тәрбиелік ұғымдар қамтылған. Мысалы: *адамға қарап күлме, біреуді алдама, кісі ақысын жеме, үлкеннің бетінен алма, жақсыдан үйрен, жаманнан жүрмен, кемтарға күлме, ұрлық қылма, зорық*

жасама, арыңды сатпа, аманатқа қиянан жасама, әйелге күш–көрсетпе, мақтанба, тақаттар болма, өтірікке куәлік жасама, жалқау болма.

**Әдептілік** – адамдармен қарым-қатынаста көрінетін сыпайыгершілік, ізеттілік таныту арқылы өз ортасында сүйкімді, жұғымды, көрсететін ерекше қасиет. Ол адамгершілікпен, имандылықпен қанаттас жүретін ұғым. Біздің мұны ерекше бөліп көрсетуіміз бүгінгі қоғам үшін орны мен маңызы ерекше болғандығынан. Мұндай сөздерге: *үлкенін алдын кесіп өтпе, үлкенге әрқашан орын бер, үлкеннен бұрын сөйлеме, үлкеннен бұрын тамаққа қолыңды созба, топа даурығып сөйлеме, кісінің көзінше қасынба, мұрныңды шұқыма, кісінің үстінен аттама, тосып сөйле, кісіге қарап түкірме, т.б.* жатады.

**Имандылық** туралы баспасөз беттерінде аз айттылып жүрген жоқ. Қазіргі қоғамда оның орны ойсырап тұрғаны баршаға мәлім. Жоғарыда атап өткеніміздей, имандылық ұғымы өте кең. Адамгершілік, тәртіптілік, сыпайыгершілік ұғымдарының бәрін де қамтиды. Біз бұл жерде дінді қадірлеу, хадис талабын орындау, жан тазалығын сақтау деген ұғымдармен қатысты сөздерді көрсеттік. Олар: *аруақ аттама, дінді сатпа, құранды баспа, тәңірге, аруаққа, құранға тіл тигізбе, өлім үстінде жаман сөз айтпа, өлген адамды жамандама, намазды бұзба, қабірді баспа, жұма кір жұма, т.б.*

**Экологиялық** тәрбие – қоршаған ортаға қамқорлық, залал тигізбеу, тылсым күдіретті бағалауға арналған сөздер жатады. Олар – *көкті жұлма, ұяны бұзба, суға түкірме, ағын суға кір шайма, малды теппе, аққуды атпа, бұлақты бітеме, жәндікті өлтірме, суға зәр сындырма, құмырсқаның илеуін баспа, қара суды сапырма, бұлақты былғама, ағашты кеспе, т.б.*

**Тазалық тәрбиесінде** жас ұрпақтың дені таза, тәні сау болып өсуі үшін жеке бас тазалығын сақтауға арналған тыйым сөздердің орны ерекше. Олар: *аяғыңды жоғары көтерме, сыпырғышыпен ұрма, шалбарыңды жастанба, дәрет суын аяқ асты төкпе, сыпырындыны, күлді шашпа, құдыққа түкірме, саусағыңды сорма, қолға жұққан суды сілікпе, тамақтың үстінен аттама, итке ожаумен ас құйма, шелектегі суға аузыңды батырма, т.б.*

**Эстетикалық** тәрбиеге қатысты адамның сыртқы көрінісінің жарасымдылығы мен жүріп-түру әдебіне байланысты бір алуан сөздер бар. Олар: *шашыңды жайма, тақымыңды көрсетпе, езуіңді керме, талтайып отырма, шаш-тырнағыңды өсірме, бөркіңді теріс киме, кіндігіңді ашап.*

Халқымыздың ғасырлап жасаған қазынасын шағын мақалада қамту мүмкін емес және оны мақсат етпедік. Біздің айтпағымыз ұлтымыздың асыл қазынасы-тыйым сөздерді пайдалана отырып, қазіргі ұрпақ бойындағы жамандық атаулыдан құтылудың қамын жасауды ата-аналарға ұсынғымыз келеді. Ата салтын пайдалана отырып, айтқанын ұрпағына орындатар есті ата-ананың назарын ырым-тыйым сөздерге аударғымыз келеді. Ата дәстүріне иек артпай тәрбиенің көсегесі көгермейтінін баса айтқымыз келеді.

Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі, яғни қазақ кішкентай кезінен жақсылыққа үйір, жаман әдеттерден аулақ болсын деп тыйым арқылы баласын

тәрбиелеп отырғанын біз жақсы білеміз. Халқымыздың қанына сіңген тектілігі, адамгершілігінің жоғары болуы, әртүрлі келенсіз көріністерден, әбес қылықтардан аулақ болғаны – осы казактың тыйымының арқасы, яғни тыйым сөздердің мән-мағынасына тереңнен үңіліп, бой ұрсақ, оның астарында маңызды да, мәнді, адам баласына, әсіресе, жас, өскелең ұрпаққа қажетті асыл дүниелер жатқандығын аңғаруға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С. Кенжеахметов «Қазактың тыйым сөздері» Абай журналы, №10 2010ж
2. А. Қаралұлы «Қазакы тыйымдар мен ырымдар» Алматы, «Өнер» 1998ж.
3. I. Какенова «Тыйым сөздер тәрбие құралы» «Тәрбие құралы» журналы, №3 2009ж.

**Абиљбекова Б.Т.**

*А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы*

## **ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ МАҒЫНАСЫН ОРЫС ТІЛІМЕН САЛЫСТЫРА ОТЫРЫП ОҚЫТУ**

Тұрақты сөз тіркестері – сөздердің орны әбден қалыптасқан және құрамындағы сөздерден мүлдем басқа мағына беретін тіркес. Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орнын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға келмейді. Неше сөзден тұрса да, тұрақты сөз тіркесі бір ғана мағынаны береді. Сөйлем ішінде бір ғана мұшенің қызметін атқарады. Мысалы: *Көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар елге қызмет етеді.* Осы сөйлемдегі көзі ашық, көкірегі ояу тұрақты тіркестің сұрағы *қандай?* Саналы деген мағынаны білдіреді, анықтауыштық қызмет атқарады. Тұрақты сөз тіркестері ғылым тілінде **фразеология, фразеологизм** деп те аталады. «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «**Фразеологизм дегеніміз** – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркесі мен сөйлемшелер». Осы анықтамаға қарағанда фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері номинативтік бірліктер, ресми іс құжаттарындағы даяр сөз орамдары түрінде болуы мүмкін.

Фразеологизмдердің осы айтылған түрлерінің құрылымдық, мағыналық, қолданымдық сипаты, лексикологияға қатысы бірыңғай емес. Сондықтан, тәжірибе жүзінде фразеологизмдер тар және кең мағынада қарастырылады.